

САРБАСОВ БОЛАТХАН СЕРҒАЗЫҰЛЫ

**«ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОС
ЕСКЕРТКІШІ**

УДК 821.212.122.0
ББК.83.3 (5кз)
С22

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
ғылыми Кеңесі мәжілісі шешімімен бастапқа ұсынылған
Хаттама №5 (26.01.2017ж.)*

Пісір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.У.Әзібаева**
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
филология ғылымдарының докторы, профессор **З.Сейітжанов**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология ғылымдарының докторы, профессор **С.Б.Ержанова**
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

С 22 Сарбасов Б.С. «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші».
Монография. Бірінші басылымы. – Алматы, 2018. – 132 бет.

ISBN 978-601-7399-12-2

Монографияда «Оғыз-наме» кітаби эпосындағы көптеген фольклорлық мотив-сарындар мен кітаби эпос дәстүріне тән мәселелер тұтас қарастырылып, жан-жақты зерттеледі. Зерттеуде оғыз тайпаларының бірнеше ғасырлық тарихы, манызды оқиғалары, жер-су атаулары мен кісі есімдері фольклордың тұтастану заңдылығына түскені айқындалады.

Монографияда Оғыз бен оның ұрпақтары жөніндегі сыр шертетін, оғыз тайпаларының шығу тегі, олардың елі мен жері, өмірі мен тұрмысы, күрес-тартыстары, қоғамдық құрылымы, қағандығы туралы мәселелерге жан-жақты талдау жасалынады.

Монография әдебиеттанушы, фольклортанушы мамандар мен студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 821.212.122.0
ББК.83.3 (5кз)

ISBN 978-601-7399-12-2

©Сарбасов Б.С. 2018
©«ОНОН баспасы» 2018

КІРІСПЕ

Бүгінгідей жаһандану үрдісі қарқын алған кезеңде әрбір халықтың өз тарихи тамырына терең үңіліп, жәдігерлеріндегі жақсы үрдістерді жалғастыруы табиғи заңдылық. Көне түркі мемлекетінің тарихын зерделеп, тағлымынан сабақ алу үшін рухани мұраларын қайта зерделеуге ұмтылыс бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Мәселен, түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ көне дәуірлерден қалған асыл мұра «Оғыз-наме» кітаби эпосының қазақтың эпикалық жырларымен, аңыз, ертегілерімен өзара мазмұндық, тілдік, бейнелік ұқсастықтары мол. Бұл ерекшеліктер түркі тілдес халықтардың этникалық туыстығымен қатар, олардың көшпелі тұрмыс бастан кешірген тұстағы тарихи, мәдени өмірінің бірлік-ұқсастықтарын да, көне дәуірлерде қалыптасқан әдеби дәстүрдің өзара үндестігін де, кейінгі дәуірлерге жету, жалғасу сипаттарын да айқын аңғартады.

Демек, көне тарихи негіздерге қайта үңіліп, тәуелсіз қазақ елінің қижетіне жаратуды көздейтін бұл тақырыптың өзектілігі дау тудырмайды. Ертедегі түркілердің шежірелері мен аңыз әңгімелері негізінде жасалған ең байырғы тарихи дерегі Оғыз қаған бейнесімен байланысты. Ежелгі аңыздарда Оғыз қаған – түркі халықтарының ержүрек батыры, айбынды қолбасшысы, елінің басын біріктірген хан ретінде бейнеленеді. «Оғыз-наме» кітаби эпосы жөнінде көптеген зерттеулер жазылып, оның тарихи танымы, тілі, жанрлық сипаты, көркемдігі туралы пікірлер айтылған.

Бұл шығарманың ауызша туып, ауызша тараған нұсқалары негізінде кейінірек хатқа түсіріліп, бізге жеткен бір ғана нұсқасы бар. Ол көне ұйғыр әрпімен көшіріліп жазылған, Париждің ұлттық кітапханасының Шефер қорында сақтаулы. Ғылымда қалыптасқан дағды бойынша авторы белгісіз қолжазба қай жерде табылса немесе жарияланса, сондай-ақ кім тауып жарияласа, шартты түрде сол жердің (Қазан нұсқасы) немесе жариялаған адамның атымен (Диваев нұсқасы) аталады, сондықтан «Оғыз-наменің» о баста тақырып қойылмаған қолжазбасын Париж нұсқасы деп атау орынды.

«Оғыз-намені» зерттеу, жариялау, өзге тілдерге таныту 1815 жылы Н.Ф. Диттихтің кітаби ескерткіштің жекелеген бөліктерін неміс тіліне аударуынан бастау алды. 1890 жылы В.В. Радлов Париж қолжазбасын сипаттап, транскрипциясы мен жолма-жол аудармасын жасап, 1893 жылы аңыз мазмұнын жариялады [1, 21-28-бб.]. Түрколог А.М. Щербак қолжазбаның сипаттамасын, мәтіннің

126. Майтанов Б. Қасқыр және әлем зандылығы. // Жұлдыз. – Алматы, 2001 – № 1 Б. 140 – 144.
127. Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология. // Жұлдыз. – 1988 – № 11
128. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
129. Абылкасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 196 б.
130. Тұрсынов Е. Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 216 б.
131. Маданов Н, Мусин Ұ. Ұлы дала тарихы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 185 б.
132. Нұрғали А. Қазақ ілкі тектерінің дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Атамұра, 2000. – 168 б.
133. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 238 б.
134. Батырлар жыры. Т.ҮІ. /Құрастырған Қ.Сыдықов, О.Нұрмағанбетова, Жауапты шығарушы Е.Құдайбергенов. – Алматы: Жазушы, 1990. – 272 б.
135. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
136. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.
137. Еңсегенов Т. Қазақ әдебиеті тарихының арналары. /Тәңірлік дәуір әдебиеті/ – Алматы, 2001.
138. Қайбарұлы А. Көне әдебиет көгіндегі көк бөрі. // Қазақ әдебиеті. – 1996 – № 32. 6 – тамыз.
139. Марғұлан Ә.Х. Қорқыт ата өмірі мен әпсаналары // Жұлдыз. – 1983. – № 3 – 39 б.
140. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз – қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана. 1991 – 80 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
«ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОСЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СІПАТЫ.....	11
«ОҒЫЗ-НАМЕДЕГІ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ОБРАЗДАР МЕН МОТИВТЕР.....	34
«ОҒЫЗ-НАМЕ» – КІТАБИ ЭПОС ЕСКЕРТКІШІ.....	65
«ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	95
ҚОРЫТЫНДЫ.....	117
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	124